

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**T29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**T29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

инновациялық даму тенденциясын төмен деп атауға болмайды. Барлық аймақтарды бірдей деңгейде жоғары деңгейге жету мүмкіндіктері санаттар жетіктігі: қаржылық, өндірістік және еңбек ресурстары. Бұл салалар "кәсіпкерлік белсенділік" сияқты ұғымдар арасында байланыс жүргізу арқылы елеулі нәтижелерге жетуге болады. Инновациялық қызметтің нәтижелілігі инновацияға бағытталған өңір саясатының басты индикаторы болғандықтан, белгілі өңір бойынша саясаттың дұрыс бағытта жүргізілгені осы көрсеткіш арқылы анықтауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Индекс прим бағалау үшін инновациялық аймақтың әлеуеті: тұжырымдама, түсіну, формализация принциптері, пилоттық апробация нәтижелері. URL мекенжайы: <http://innclub> . Ақпарат/2011/03/04 .

2. Ресейдің инновациялық картасы. URL: [http://қонақ\\_үй\\_клубы.Ақпарат/2011/03/04http://www.csr-nw.ru/ормент\\_әзірлеу/92/94/137/284/290.html](http://қонақ_үй_клубы.Ақпарат/2011/03/04http://www.csr-nw.ru/ормент_әзірлеу/92/94/137/284/290.html) .

3. Ресей Аймақтары. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер. 2011: стат. жинағы. М.: Росстат. 2011.

4. Ресейдің 2011-2012 аймақтарының инвестициялық тартымдылығының рейтингі: тәуекелдерді жақсартқыштар. URL мекенжайы: <http://www.сарапшысы.ru/рейтингтер/аймақтар/2012/>.

5. Ресей Федерациясы субъектілерінің инновациялық даму рейтингі: қазынаға аналитикалық / ред. Л.М. Гохберг. М.: Қазақстан Республикасының Ұлттық жоғары мектеп "зерттеу университеті экономика". 2012.

6. Тензиал бойынша инновациялық бағалау / / қоғамдық және экономикалық жүйелер. 2007. № 1.

7. Келесі аймақтық шекарадан өту: ақпарат және өңірлік бәсекеге қабілеттілікті Білімге негізделген экономикаға инвестициялар. АҚШ Экономикалық даму басқармасы. 2009. URL мекенжайы: <http://www.statsamerica.org/инновации>

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ**

**Купеева А.Е.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

[assem\\_k96@mail.ru](mailto:assem_k96@mail.ru)

Нарықтық қатынастарға көшу барысында жалпы жұмыспен қамтудың құрылымы, ауқымы және экономикадағы рөлі күрделі өзгеріске ұшырады. Қазақстан Республикасында экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік-саяси

өзгерістердің орын алуы халықты жұмыспен қамту саласында бірқатар жаңа құбылыстардың пайда болуына әкелді. Біріншіден, бұл дәстүрлі және стандартты емес жұмыспен қамтудың бір түрі ретінде өзін-өзі жұмыспен қамтуға қатысты. Өзін-өзі жұмыспен қамту белгілі дәрежеде заңнамалық реттеуді талап ететін еңбек нарығының тәуелсіз сегменті ретінде қарастырыла бастады.

Ғылыми әдебиеттерде «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» ұғымын анықтаудың әртүрлі тәсілдері ұсынылған. Бұл ұғымды кең және тар мағынада қарастырады. Кең мағынасында, өзін-өзі жұмыспен қамтудың мәні тәуелсіз қызмет болып табылады. Сондықтан, бұл категорияға жалданбай жұмыс істейтіндердің барлығы жатады, атап айтқанда шағын, микрокәсіпорындардың иелері, заңды тұлға құрмай жеке еңбек қызметімен айналысатын кәсіпкерлер, үй шаруашылықтарында жұмыс істейтіндер. Екіншісі «азаматтардың осы санатын тар мамандандырылған түсінуді» қарастырады. Зерттеушілер «жеке кәсіпкерлер (тіркелген және кәсіпкерлік қызметін мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асыратын) мен жеке кәсіпкер мәртебесі жоқ өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғаларды» ажырату керек деп санайды [1].

Қазақстан Республикасының Халықты жұмыспен қамту туралы Заңында «өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар» деп кіріс алу үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндіруде (өткізуде) жеке жұмыспен қамтылған жеке тұлғалар, өндірістік кооперативтердің мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) ақысыз жұмыскерлері және жалдамалы жұмысшылардың еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілер анықталған. Ал өзін-өзі жұмыспен қамту – бұл еңбекақы мөлшері тауарлар мен қызметтерді өндіруден (өткізуден) алынған табысқа тікелей тәуелді (бұл жерде меншікті тұтыну табыс бөлігі ретінде қарастырылатын) жұмыс орны [2].


Статистикалық деректерде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың құрылымы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын анықтау әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес анықталады. Аталған Әдістемеге сәйкес Қазақстанда барлық өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар екі топқа бөлінеді: нәтижелі жұмыспен қамтылғандар және нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар.

Нәтижелі жұмыспен қамтылғандар тобына тұрақты және ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары орташа айлық табысы бар өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың барлық санаттары кіреді. Нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар тобына табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар кіреді.

Жоғарыда айтылғандардан нәтижелі жұмыспен қамтылғандар табыстың мөлшері мен тұрақтылығымен ерекшеленетінін түсіну оңай, яғни нәтижелі жұмыспен қамтылғандар нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарға қарағанда тұрақты және жоғары табыс алады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық әлемнің барлық елдерінде бар, олар жұмыс күшінің жалпы санына қатысты айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, АҚШ, Канада, Норвегия сияқты елдерде олардың үлесі жұмыс күшінің 10%-ына

дейін құрайды. Қазақстан Түркия, Греция, Мексика, Корея сияқты елдермен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі 25% деңгейінде болатын елдер тобына жатады.



**Сурет 1. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың саны**

Ескерту: [3] мәліметтері негізінде автор құрастырды.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің мәліметі бойынша, 2020 жылы елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың саны 2 045 374 адамды құрады. Бұл дегеніміз жалпы жұмыс күшінің 22,1%-ын құрайды (9254,8 мың адам). Соңғы бес жылдықта өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың саны 7,5%-ға азайғанын байқауға болады. Қамтылу мәртебесі бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 90,3%-ы (1 846 794 адам) жұмыспен нәтижелі қамтылғандар, 9,7%-ы жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың көпшілігі еңбек өнімділігінің ең төменгі деңгейі байқалатын ауыл шаруашылығы саласында – 726 319 адам (35%) қамтылған. Сондай-ақ, көтерме және бөлшек саудада – 690 058 адам (33%), көлік және қоймалау – 205 123 адам (10%). Халықтың табыс деңгейі экономика салаларындағы еңбек өнімділігінің деңгейімен тікелей байланысты.

Неғұрлым өнімді және табысты жұмыс орындарына қол жеткізуді білім мен кәсіби дағдылардың жетіспеушілігі шектейді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың басым бөлігі, 39,8%-ы (814 970 адам) орта кәсіптік (арнайы) білімге, 32,4%-ы бастауыш, негізгі, жалпы орта, бастауыш кәсіптік білімге және 27,8%-ы жоғары білімге ие.

Ал өңірлер бөлінісінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың басым бөлігі Түркістан (17,2%), Алматы (12,%), Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады. Төмен деңгейі – Маңғыстау, Атырау, Қарағанды облыстарында. Гендерлік кескінде 54,5%-ын (1 115 290 адам) ерлер, ал қалған 45,4%-ын (930 084 адам) әйелдер құрайды.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың құрылымы Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес келесілерден тұрады: жұмыс берушілер, өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, кооператив мүшелері және отбасылы кәсіпорындарының көмекші (ақы толенбейтін) қызметкерлері.

Қазақстан Республикасында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 93,2%-ы өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер. Қалған 5,8%-ы жұмыс берушілер,

0,6%-ы кооператив мүшелері мен отбасылы кәсіпорындарының көмекші (ақы толенбейтін) қызметкерлері.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған ауыл халқы ХЕҰ-ның жұмыспен қамту мәртебесі бойынша барлық топтар бөлінісінде айтарлықтай сандық артықшылыққа ие, бұл экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, әлеуметтік-мәдени және т. б. сияқты объективті себептерге байланысты. Мысалы, елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 59,4%-ы ауыл халқы, қалған 40,5%-ы қала халқы.

Өзін өзі жұмыспен қамтығандарды тіркеу мәселесін жеңілдету және олардың медициналық әлеуметтік сақтандыру жүйесіне, зейнетақымен қамсыздандыруға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында елімізде 2019 жылы Бірыңғай жиынтық төлем заңды түрде енгізілді. Бұл шара өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды (яғни, бейресми жұмыспен қамтылған азаматтарды) «көлеңкеден» шығаруға негізделді.

Еңбек нарығын зерттеушілердің пікірінше, бүгінгі таңда ерекше назар аударуды қажет ететін мәселе – өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды ресми тіркеу және оның механизмін жетілдіру мәселесі. Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін статистиканың негізгі әдісі еңбек ресурстарының балансына негізделген есептеулер болып табылады. Статистика бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың саны ресми органдарда тіркелген адамдар санымен емес, есептеу арқылы анықталады. Бұл ретте бұл санатқа жұмыссыздардың аздаған санын шегере отырып, жұмысшылар тізіміне енгізілмеген еңбекке қабілетті жастағы барлық экономикалық белсенді азаматтар кіреді [4].

Жұмыспен қамтуды реттеудің қолданыстағы жүйесін реформалаудың неғұрлым перспективалы нұсқасы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жұмыссыз азаматтардан ажыратуға бағытталған нақты реформалар жүргізу, сондай-ақ нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарды еңбек жүйесіне тартудың жаңа бағдарламаларын құру болып табылады. Соңғы жылдары жұмыспен қамту мәселелерін шешуге және өзін-өзі жұмыспен қамтуды қысқартуға бағытталған бірнеше бағдарламалар іске асырылды, бұл осы бағытта айтарлықтай прогреске қол жеткізуге мүмкіндік берді. Алайда, елдің еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың, әсіресе ауылда, едәуір санының болуын ескеруге тура келетінін атап өткен жөн.

Осыған байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың құқықтық мәртебесін анықтайтын заңнаманы тиімділігі тұрғысынан қарастыру қажет. Яғни, өзін-өзі жұмыспен қамтыған субъектілерге салықтық преференциялар қолдану рәсімін барынша оңайлату, қызметін жүзеге асыру кезінде әкімшілік кедергілерді жою жөніндегі шараларды әзірлеу, нәтижелі жұмыспен қамтылғандардың үлесін ұлғайту мақсатында, оның ішінде нәтижесіз жұмыспен қамтылған дербес қызметкерлердің осы санатқа көшуі есебінен де ақпараттық өрісті кеңейту және т.б. [5].

Бұл іс-шаралар, біздің ойымызша, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың нақты экономикалық еркіндігін кеңейтуге ықпал ете алады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Покида А.Н., Зыбуновская Н.В. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қызметін реттеу//Мемлекеттік және жергілікті басқарудың сұрақтары. 2020. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/regulirovanie-deyatelnosti-samozanyatyh-grazhdan>
2. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V Заңы
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ресми сайтының деректері
4. Интернет-ресурс: <https://aerc.org.kz/news/kto-poschitaet-samozanjatyh-i-dengi-kotorye-proshli-mimo-bjudzheta-chast-2?lang=kz>
5. Боранбаева А.Е. Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар азаматтық қоғамның экономикалық негізі ретінде//ООМУ хабаршысы. «Кұқық» сериясы. – 2016. – Т. 16, № 3.

## ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮГІНГІ МӘСЕЛЕСІ

### Меркібай А.Н.

Л.Н.Гумилев атынлағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр –Сұлтан қ.

[ayazhan.merkibay@mail.ru](mailto:ayazhan.merkibay@mail.ru)

Жұмыс қабілеті бар, бірақ жұмыс күшіне қосылмайтын жандар әдетте егделеу адамдар немесе жұмыстан жолы болмай жүрген адам екені аян. Осылайша жұмыссыз адамдар жұмыссыздық бірлестігін құрайды.

Экономикалық реформалар жүріп жатыр. Бірақ экономикамыздың құрамы әрі тиімді, әрі оңтайлы деңгейге әлі де жеткен жоқ. Жұмыссыздық – белгілі бір кезеңде өзінің орын алады. Жұмыссыздықтың бір жыл ішінде бірнеше кезеңі болуы мүмкін. Тіпті ол бір жыл бойы жұмыстан мүлде қол үзуі де ғажап емес. Жұмысшы әдетте бірде жұмыссыздық бірлестігіне қабылданса, енді бірде ол жұмыс күші қатарынан шығып кетуі жиі кездеседі. Жұмыссыздық өсіп, ол ұлтымыздың онымен бетпе-бет келген өзекті проблемасына айналды. Жұмыссыздық мөлшері жоғары болған сайын (жұмыссыз болу ұзаққа созылады) жұмыссыздық ұзақ уақытқа созылады және жұмыссыздық мөлшері неғұрлым жоғарыласа, жалақы мөлшері де соғұрлым төмендей береді.

Адамның «Жұмыссыз» атануы мынандай себептері бар:

1. Бұл адам басқа жұмыс орнын іздеп жұмыстан босанады, ол осылайша жұмыс орнын тапқанша жұмыссыз болып саналады
2. Ол жұмыс күші қатарына жаңадан қосылуы мүмкін, яғни ол – жұмыс орнын бірінші рет іздеп жүрген адам. Немесе төрт аптаның ішінде өзіне лайықты жұмыс орнын таппай, қайтадан жұмыс күші қатарына қосылған адам.